



ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕЛЕРІН (АЖ/ЖИЖ) САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕЕСТРДІ ЖҮРГІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Регламент мектеп қызметінде қолданылатын және (немесе) қолдануға ұсынылатын ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллект жүйелерін (бұдан әрі – АЖ/ЖИЖ) сараптамалық бағалау тәртібін және АЖ/ЖИЖ реестрін жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Регламент АЖ/ЖИЖ-ді қолданудың қауіпсіздігін, этикалық қағидаттарын және педагогикалық мақсатқа сайлығын қамтамасыз ету үшін әзірленген.

1.3. АЖ/ЖИЖ сараптамалық бағалауды мектеп жанындағы жасанды интеллектті қолдану және академиялық адалдық мәселелері жөніндегі Координациялық-этикалық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жүргізеді, ол жеке Ережеге сәйкес әрекет етеді. Реестрді жүргізу және өзектендіру мектептегі академиялық адалдық пен ЖИ-ді этикалық қолдану жөніндегі жауапты тұлғаға (бұдан әрі – ЖИ бойынша жауапты тұлға) жүктеледі.

2. САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Сараптамалық бағалаудың мақсаттары:

- қауіпсіздікке, этикаға және білім беру (әдістемелік) құндылыққа сәйкес келетін АЖ/ЖИЖ-ді іріктеу;
- мектеп қызметінде және әзірленетін әдістемелік материалдарда құқықтық, этикалық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан қолайсыз тәуекелдер туғызатын АЖ/ЖИЖ-ді қолданудың алдын алу.

2.2. Негізгі міндеттері:

- АЖ/ЖИЖ-ді бағалау критерийлерін әзірлеу;
- ұсынылған АЖ/ЖИЖ-ді сараптамалық бағалау;
- сараптамалық бағалаудан өткен АЖ/ЖИЖ-дің Реестрін қалыптастыру және өзектендіру;
- мектеп қызметкерлерін АЖ/ЖИЖ сараптамалық бағалау нәтижелері туралы хабардар ету.

3. САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ БАСТАУ

3.1. Сараптамалық бағалауды бастамашы бола алатындар:

- мектеп басшысы;
- мектеп басшысының орынбасарлары;
- мектепның қызметкерлері және басқа жұмысшылары;
- АЖ/ЖИЖ әзірлеушілер/жеткізушілер (мектепмен келісім бойынша).

3.2. Сараптамалық бағалауды бастау үшін жүйе туралы қажетті материалдар қоса берілген өтінім жіберіледі (жүйенің сипаттамасы, қолдану мақсаты, мақсатты аудитория, деректерді қорғау туралы мәліметтер және т.б.).

4. АЖ/ЖИЖ САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4.1. Сараптамалық бағалау кезінде, оның ішінде, мынадай критерийлер ескеріледі:

- құқықтық және этикалық (заңнамаға сәйкестік, кемсітушілік тәуекелдерінің болмауы, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау);
- ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау (жеке деректерді қорғау шараларының болуы, жиналатын деректердің минимизациясы);
- педагогикалық және әдістемелік мақсатқа сайлық (мектеп қызметінің міндеттеріне сәйкестік, қызметкерлердің құзыретін дамыту әлеуеті);
- техникалық сипаттамалар және сенімділік;
- ашықтық және түсіндірмелік (әсіресе ЖИ технологияларын қолданатын жүйелер үшін).

5. САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. АЖ/ЖИЖ сараптамалық бағалауды Кеңес жүргізеді.

5.2. Қажет болған жағдайда Кеңес төрағасы нақты АЖ/ЖИЖ сараптамалық бағалауды жүргізу үшін сыртқы сарапшыларды тартуға және (немесе) жұмыс топтарын құруға құқылы. Тартылатын сарапшылар мен жұмыс топтарының құрамы мектеп басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Кеңес сараптамалық бағалау барысында:

- ұсынылған материалдарды зерттейді (сипаттама, функционал, мақсатты аудитория, деректерді қорғау туралы мәліметтер және т.б.);
- қажет болған жағдайда бастамашыдан немесе әзірлеушіден (жеткізушіден) қосымша мәліметтер сұратады;
- мүмкін болған жағдайда АЖ/ЖИЖ-ді демонстрациялық немесе пилоттық режимде тестілеу жүргізеді;
- сараптамалық бағалау нәтижелерін Кеңес отырысында талқылайды;
- талқылау қорытындысы бойынша белгіленген нысанда мынадай ұсыныммен қорытынды жасайды:
 - «Реестрге енгізу ұсынылады»;
 - «Шектеулермен ұсынылады» (қолдану шарттары мен шектеулерін көрсете отырып);
 - «Қолдануға ұсынылмайды».

5.4. Кеңестің қорытындысы мектеп басшысымен бекітіледі немесе мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен назарға алынады.

6. АЖ/ЖИЖ РЕЕСТРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

6.1. Реестр мектеп ішінде электрондық түрде ЖИ бойынша жауапты тұлға тарапынан жүргізіледі.

6.2. Реестрге мынадай мәліметтер енгізіледі:

- АЖ/ЖИЖ атауы;

- әзірлеуші/жеткізуші;
- мақсаты және қолдану саласы;
- мақсатты аудитория;
- функционалдың қысқаша сипаттамасы;
- рұқсат деңгейі (толық/шектеулі/белгілі мақсаттар үшін ұсынылмайды);
- сараптамалық бағалау күні және нәтижесі;
- қолдану шектеулері мен ерекше шарттарының бар-жоғы туралы мәліметтер.

6.3. Реестр жаңа АЖ/ЖИЖ пайда болған сайын, олардың сараптамалық бағалаудан өтуіне қарай, сондай-ақ бұрын енгізілген жүйелердің мәртебесі өзгерген жағдайда (шектеулер енгізу, қолдануды тоқтату, Реестрден алып тастау) тұрақты түрде өзектендіріледі.

7. ИНЦИДЕНТТЕРДІ БАСҚАРУ

7.1. Реестрге енгізілген АЖ/ЖИЖ-ді қолдануға байланысты инцидент анықталған жағдайда (деректердің таралуы, қате немесе зиянды контент, ақаулар және т.б.), мектеп қызметкерлері ЖИ бойынша жауапты тұлғаны хабардар етеді.

7.2. ЖИ бойынша жауапты тұлға және Кеңес:

- түскен ақпаратты тіркейді;
- инцидентті Кеңес отырысында қарауды ұйымдастырады;
- қарау нәтижелері бойынша мынадай шараларды ұсына алады:
 - АЖ/ЖИЖ мәртебесін Реестрде өзгерту (шектеулер енгізу, қолдануды тоқтату және т.б.);
 - АЖ/ЖИЖ қолдануды уақытша тоқтатуды ұсыну;
 - АЖ/ЖИЖ-ді қауіпсіз және этикалық қолдану немесе одан бас тарту жөнінде қосымша ұсынымдар дайындау.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Регламент мектеп басшысының бұйрығымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

8.2. Регламентке өзгерістер мен толықтырулар Кеңестің және (немесе) ЖИ бойынша жауапты тұлғаның ұсынысы бойынша мектеп басшысының бұйрығымен енгізіледі.